

# **МӘҢГІ ӨШПЕС ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ**

*Аққан жұлдыз аттаныпсың,  
Жан бабам!  
Ғасырлардан ғасырларға самғаған.  
Сорғалапсың қараңғыда тұңғиық,  
Тамғандай-ақ ғарыштағы – таңбадан.  
Асыл бабам,  
Аққан жұлдыз аттанған,  
Аққан жұлдыз,  
Лапылдаған от-арман,  
Аққан жұлдыз,  
Ағып өткен найзағай,  
Саналардың сағыныш тауын қопарған  
Еркен Ибрагим*



*Он тоғызыншы ғасырдағы қазақ  
қоғамының айсыз аспанында  
құйрықты жұлдыздай жарқ  
етіп ағып өткен дарынды  
ғалым, даңқты жихангез -*



# ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ



*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*


*"Сүйер ұлың болса,  
Сен де сүй. Сүйінерге жарар ол" (Абай)*

***Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) -  
қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы,  
шығыстанушы, фольклоршы, этнограф, географ,  
ағартушы, демократ.***



*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*

*Шын есімі — Мұхаммедханафия, әжесінің бала күнінде "Шоқаным" деп еркелетіп айтуымен, "Шоқан" аталып кеткен. Туған жері - қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы - қазақтың ұлы ханы — Абылай, Шоқан оның шөбересі. Өз атасы Уәли де хан болған. Ал әкесі Шыңғыс Қазақстанда хандық жүйе жойылып, аға сұлтандықтың енгізілуіне байланысты, аға сұлтан лауазымын иеленген.*



*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*



# ШЕЖІРЕ

АБЫЛАЙ ХАН




ШЫҢҒЫС ХАН




ВЭЛИ ХАН



ШОҚАН





*1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған. Кадет корпусына алғаш оқуға түскен кезде Шоқан орыс тілін білмесе де өзінің зеректігімен тілді тез үйренді.*

***Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы***

*Кадет корпусын 1853 жылы он жеті жасында бітірген Шоқан Батыс Сібір генерал губернаторының кеңсесінде қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік шығыс аудандарын басқаратын генерал губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен жағрафиясын зерттеуге белсене араласады. 1854 жылы кадет корпусындағы ұстазы Костылецкийдің өтініші бойынша көрнекті шығыстанушы, Қазан университетінің профессоры Н.И. Березиннің тапсырмаларын орындайды. Березин Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқалары, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырымен таныс еді. Жас ғалым әйгілі профессор Березин бастырып шығарған "Тоқтамыс ханның жарлығы мен басқа да хан жарлықтары туралы еңбектерге тыңғылықты талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми зерттеулерінің бірі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе, шығыс әдебиеті мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастайды. Өсімдіктер әлемінің қолайлы жағдайды талап ететіні сияқты қоғам да өзінің кедергісіз дамуы үшін қолайлы жағдайды талап етеді. Алайда ғалым табиғат заңдары мен қоғам арасындағы айырмашылықты ажыратып көрсетеді.*

## ШОҚАННЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ЖОЛЫ



*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*

## Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы

1858—1859 жылдардағы Шоқанның Қашғарияға сапары ғалымдық, азартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қашғария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Саудагер ретінде Қашғарияға құпия барған Шоқан, өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқарияға сапарынан «Алтышаһардың, яғни Қытайдың Хан лу уәлаятының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келді. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді.

## ШОҚАН – САЯХАТШЫ, ГЕОГРАФ





# ҚАШҚАРИЯҒА САПАРЫ


Alonzo Jackson  
Dear Mother  
I am writing you  
from the city of  
New York. I am  
well and hope  
you are the same.  
I have not much  
news to write you  
at present. I am  
still in the city  
and will be here  
for some time  
yet. I will write  
you again soon.  
I love you very  
much and hope  
you will love  
me the same.  
I am your affectionate  
son,  
Alonzo Jackson





## ҚАШҚАРИЯҒА САПАРЫ

1858 — 1859 жылдардағы Шоқанның Қашғарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қашғария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Саудагер ретінде Қашғарияға құпия барған Шоқан, өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқарияға сапарынан «Алтышаһардың, яғни Қытайдың Нан лу уәлаятының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келді. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді.



Моя карта-исследование, Таблицы-сведений и Словарики-Описания.  
Издательство Географическое общество, Москва, 1904 г.

Карта Центральной Азии. Перо. 1860 г. Составил Ч. Валиханов.

Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы



## ШОҚАННЫҢ ӨЗГЕ ӘЛЕМІ

*Бұл сапарында жас Шоқанның әсіресе, қырғыз халқының «Манас» атты атақты поэмасын бірінші рет ғылыми жолмен жазып алып, «Көкөтай ханның өлімі және оның асы» деген үзіндісін орыс тіліне аударады. «Алатау қырғыздарының ноғайлы дәуіріне жататын «Манас» атты жалғыз ғана эпосы бар. «Манас»- бір кезеңге және бір адамның-Манас батырдың төңірегіне жинақталған бүкіл қырғыз ертегілерінің, аңыз, әңгімелерінің энциклопедиялық жинағы. Қырғыздардың тұрмыс қалпы, салт-санасы, географиясы, діни және медициналық ұғымдары, олардың халықаралық қатынастары осы орасан зор эпопеяда айқын суреттеледі» деп жазады Шоқан Уәлиханов.*

***Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы***



Шоқан және өнер Шоқанның інілерінің суреттері:  
Жақып, Сақыпкерей, Махмұт




Шығыс Түркістан ұйғырларының  
кескін-келбеті.



Шоқан салған сурет



Қозы-Көрпеш – Баян сұлу моласындағы  
балбал тастар



Құсмұрын бекінісі



Аягөз өзені жағасындағы  
балбал тастар

## ШОҚАННЫҢ СУРЕТ ӨНЕРІ


*Шоқанның корпусста бірге оқыған Г.Н. Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді ... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып ақ сурет сала білетін», дейді.*

*Ғалым негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс салтын бейнелеумен айналысты. Одан 150—дей сурет қалған.*

*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*

# ӨЛЖЕТАНУ ӨРІСІ


*Ұлытау-Жезқазған өңіріне сапар шегіп, Алаша хан мазары, Жұбан ана кесенесі, Аяққамыр күмбесі секілді сәулет ескерткіштеріне сипаттама берген. Ер Едіге, Қойлыбай бақсы, Байғозы, Жаулыбай және Оразымбет (Оразай) батырлар жайлы құнды тарихи деректер қалдырған.*



Ұлытау



Қойлыбай бақсы



Ер Едіге



Жұбан ана кесенесі



Алаша хан мазары



Аяққамыр




*Құйрықты жұлдыз секілді,  
Туды да, көп тұрмады.  
Көрген, білген өкінді,  
Мін тағар жан болмады  
(Абай.)*

*Академик Н.И.Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстын шығысты зерттеуші ғалымдары оны таңғажайып құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзін кетті», — деп жазды.*


*Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы*



**ШОҚАННЫҢ ОРЫС ДОСТАРЫ**




Фёдор Михайлович Достоевский



П.С. Семенов-Тян-Шанский



Григорий Николаевич Потанин



Майков, Аполлон Николаевич

***Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы***

## «Шоқан жайлы лебіздер»

*«Әлемдік ғылыми ортада бір ауыздан мойындалатын ғалымдар көп емес. Санаулы ғана, сол санаулылар ортасында бірегей тұлғаның бірі қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов деп білемін».*

Қоңыр Мандоки

*«Өзінің бізден артық білетіндігін, не біздерден білім жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастардың арасында болатын жай әңгімелердің өзінде – ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын».*

Григорий Потанин

*«Шоқан тұлғасы таусылмайтын сырға бай ғажайып тұлға ғой. Кейде өзіңмен өзің болып, ой кешіп отырғанда Шоқан өмірде рас болды дегенге сеніңкіремейтінім рас. Келте ғұмырында соншалықты мол еңбекті қалай ғана сыйдырған десеңізші?»*

Шыңғыс Айтматов.

*«Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Өздерінің барлық ізгі тілектері жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымының қалыптасуына, дамуына арнаған ағартушыларымыз – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев. Халықтың дүниетанымы өзен болса, ал үшеуі сол өзенге құйған үш саласындай».*

Мұхтар Әуезов.

*«Шоқан Уәлиханов Шығыс әлеміне құйрықты жұлдыздай жалт етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны бір ауыздан ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы одан маңызы зор ұлы жаңалықтарды ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті*

Н.И.Веселовский

*Орта жүзден шыққан қазақ, қазақтың соңғы ханы Уәлидің немересі және Шыңғыс ханның ұрпағы атақты Абылай ханның шөбересі, керемет дарын иесі – Шоқан Уәлихановтың!*


Григорий Потанин.

**Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы**



## ШОҚАННЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

*Көлемділері: «Абылай», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары», «Елдегі мұсылманшылық туралы», «Қырғыздар туралы қолжазбалар», «Қазақтың ертедегі қару-жарақтары», «Жоңғария очерктері», «Қазақ шежірелері», «Жамия – ат таорихтан», «Алтышаһардың хал-жайы», «Сібір тарихтан хаттар», «Көкөтай ханның өлімі», «Сібірге қрайтын қазақтардың сот құрылысын өзгерту туралы», «Құлжа күнделіктері» т.б. Шоқан қол жазбалары 1904 жылы баспадан шығады. 1944 жылы мақалалары мен хаттары-2 тілде басылды. 1958 жылы 1 томдық соң, 5 томдың, 1978 жылы қазақ тілінде 1 томдық, 1980 жылы таңдамалысы жарыққа шықты. Шоқанның 5 томдығы қазіргі қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін кең сөз еткен таңдамалылар қатарынан орын алды.*



# ШОҚАН МҰРАЛАРЫ

*1958 жылы Шоқан Уәлихановтың Алтынемелдегі қабірі басына биік ескерткіш орнатылды. Алматыда, Көкшетауда, Семейде, Алтынемелде Шоқанның мүсіндік ескерткіштері бар. Тарих және этнология институтына, Көкшетау мемлекеттік университетіне, Алматыдағы бір көше мен мектепке, Астанадағы үлкен көшеге, Ақмола облысының бір ауданына ғалым есімі берілген. Сүйегі жатқан Алтынемелде мемориалдық кешен орнатылған. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін ғалымдарға Уәлиханов атындағы сыйлық белгіленген. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуы 1985 жылы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтті. Ал биыл 180 жылдығын қазақ халқы тойлады.*

**МӘНГІ ӨШПЕС ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ**